

Нұр- Сұлтан қаласы Білім басқармасы
№13 «Тұлпар» балабақшасы МКҚК

Өзіндік бағалау

2019-2022 ж.ж.

Мекеменің негізгі салынған жылы – 1967

Мектепке дейінгі топ – 4

Жобалық қуаттылығы – 100 бала

Мемлекеттік тапсырыс бойынша балалар саны – 121



Ғимарат түрі: 2 қабат

Жалпы алаңы: 0,4684 га

Ғимарат ауданы: 677,5 кв

Электронды почта: tulpar_13@mail.ru

- *Мекен жайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Герцена 84/1*
- *Балабақша телефондары:*
- *8(7172)28-82-62, 28-83-46*



**Балабақшаны өзін-өзі аттестаттаудан өткізуіне байланысты
дайындық іс-шаралар**


№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	Алдағы болатын өзін-өзі аттестаттау туралы кезектен тыс педагогикалық кеңес Мақсаты: Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының, сараптама комиссиясының, құрамын анықтау; Өзін-өзі аттестаттау нормативтік-нұсқаулық құжаттарымен танысу; Аттестация комиссиясы мүшелерінің лауазымдық міндеттерімен танысуы.	27 желтоқсан	Меңгеруші Г.Б.Керимбекова
2	Мектепке дейінгі мекемелерге қойылатын талаптар: - «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары» ; - МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы; - Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру; - Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері - Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері; - МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет	Тамыз-қыркүйек айлары	Аттестациялық комиссия мүшелері

	көлемін игеру – мәліметтерін жинақтау.		
3	Аттестация комиссиясы мүшелерінің мәжілісі. Мақсаты: өзін-өзі аттестаттауды ұйымдастырудың бағыттарын анықтау; өзін-өзі аттестаттаудың жоспарын жасау,оны бекіту.	30 желтоқсан	Әдіскер
4	- Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама (бес жастан бастап) мониторингін ұйымдастыру;	қаңтар 2022 жыл	Меңгеруші Г.Б.Керимбекова Әдіскер К.Р.Каюмова, Тәрбиешілер, Психолог,
5	Мектепалды даярлық топтарындағы жұмыстардың жүйеленуі. Мақсаты: Балалардың мектепке дайындығының сапасын анықтау, мектеппен бірлескен жұмыстары жүйелеу.	Желтоқсан , қаңтар	Меңгеруші Г.Б.Керимбекова Әдіскер К.Р.Каюмова Тәрбиешілер мамандар
6	Мерекелік ертеңгіліктер мен ермек - ойын сауықтары. Мақсаты: өлкетану және экологиялық тәрбие беру бағыттарын айқындау.	Жоспар бойынша	Комиссия мүшелері, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
7	Балабақшадағы материалдық-техникалық және медициналық - педагогикалық жағдайларды жасау бойынша материалдарды оқу және жүйелеу.	5-12 қаңтар	Шаруашылық менгерушісі, есепші
8	Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: Отбасы мен балабақшаның педагогикалық ынтымақтастығын орнықтыру және экологиялық мәдениетін қалыптастыру	Жоспар бойынша	Меңгеруші, әдіскер, психолог, тәрбиешілер
9	Балаларды оқытудың мектепке дайындық (даярлық топтары) материалдарын талдау және жүйеге келтіру. Мақсаты: балаларды оқытудың мектепке дайындығын анықтау.	Желтоқсан , қаңтар, ақпан	Мектеп алды даярлық топтарының тәрбиешілері, әдіскер,
11	Аттестациялық комиссияның мәжілісі Мақсаты:	Желтоқсан , қаңтар,	Меңгеруші, аттестаттық

	- жинақталған материалды оқу және түзету; - алдағы жұмыс бағыттарын талқылау және бекіту.	ақпан айлары	комиссия мүшелері
12	Балабақшаның мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмысының материалдарын жинақтау. Мақсаты: -бірлескен жұмыстың тиімділігін белгілеу, кезектегі жоспарлауды толықтыру.	Желтоқсан , қаңтар айлары	Әдіскер
13	Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру шараларын ұйымдастыру барысымен танысуы. Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру жұмысының нәтижесі мен тиімділігін анықтау.	Желтоқсан , қаңтар айлары	Меңгеруші Әдіскер Медбике
14	Өзін-өзі аттестаттаудың барлық құжаттарды талдау және өңдеу, жүйеге келтіру. Мақсаты: сараптама комиссиясына есептік құжаттарды дайындау.	Қыркүйек – қазан айлары	Меңгеруші, әдіскер
15	Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының материалдарын зерделеу. Берілген мәліметтерді талдау.	1-2 онкүндік Қаңтар, ақпан	Аттестациялық комиссияның төрайымы
16	Сараптама комиссиясының қорытынды мәжілісі. Сараптама комиссиясының шешімдерін дайындау	2 ақпан	Әдіскер
17	Меңгеруші жанындағы кеңес Мақсаты: -өзін-өзі аттестаттаудың қорытындысын шығару; -балабақшаның өзін-өзі аттестаттауының бағасы.	3 ақпан	Аттестаттық комиссия
18	Материалдарды дайындап Нұр-Сұлтан қаласы бойынша білім Департаменті бақылау комитетінің аттестациялық комиссиясына ұсыну	14 ақпан	Меңгеруші

Нұр- Сұлтан қаласы Білім басқармасы
МҚКҚ №13 «Тұлпар» балабақшасының өзін-өзі аттестаттауының
кешенді бағдарламасы





№ 13 «Тұлпар» балабақшасы МКҚК меңгерушісі



1.Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№13 «Тұлпар» балабақшасы **Қолдануға берілген жылы:** 1967ж.

Мекен-жайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Герцена 84/1 үй,

Жоба қуаттылығы: 280 балаға арналған

Оқыту тілі: мемлекеттік тіл және орыс тілі

Ғимарат түрі: 2 қабатты

Телефондары: 8(7172)28-82-62, 28-83-46;

Электрондық пошта: tulpar_13@mail.ru ,сайт <https://sad13-tulpar.kz/>

Балабақша меңгерушісі: Керимбекова Гульзина Батырхановна

МКҚК № 13 «Тұлпар» балабақшасының Жарғысы №2020 жылдың 13 наурызда қайта тіркелген.

№107-226, 2020 жылғы «29» қаңтарда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен бекітілген.

Құрылтайшы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімшілігі

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі БСН

№990340005075, бірегей нөмір 10100480703638, 9 ақпан 2021 жыл.

Мектепке дейінгі мекеме басқарушысы:

Керимбекова Гульзина Батырхановна білімі жоғары педагогикалық еңбек өтілі 20 жыл, осы мекемеде - 1 жыл.

МКҚК №13 «Тұлпар» балабақшасы 2015 жылдың 18 мамырдан бастап, қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ93RVK00002402 хабарламасы, сонымен бірге Жарғыға негізделіп жұмыс істейді.

№13 «Тұлпар» балабақшасының өртке қарсы қауіпсіздігі Нұр-Сұлтан қаласының, Төтенше жағдай департаментінің, өртке қарсы қауіпсіздік қызмет Департаментінің талаптарына толық сәйкестігі туралы қорытынды жасалған.

Балабақшаның жұмыс күні: сағат 7.30-дан – 18.00-ге дейін 10 сағат 30 минут жұмыс істейді. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс күндері, еңбек демалысы еңбек заңына сәйкес және қызметкерлермен келісілген еңбек шартына сай жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының МЖМБС негізінде өңделген мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларды жүзеге асыруы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК-ны іс-әрекетінің мақсаты болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК-өз іс-әрекетінде келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
6. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысы. 51
- 7.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
- 8.«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
- 10.«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығы.
- 11.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.
- 12.«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы.
- 13.Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.
14. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы.

15. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдстырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы.

16. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы.

17.«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру 52 нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

18.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы.

19.«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

20. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

21. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

22.«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы.

23.«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.

24. Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органда тіркелген 2020-2022 жылдарға арналған мектепке дейінгі білім берут ұйымының ұжымдық шарты.

25. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК-н Жарғысы ((«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамның Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 2020 жылы 13 наурызда жүргізілді)

Ұжым мен әкімшілік арасындағы қатынас ұжымдық шартпен реттелген. Ішкі тәртіп ережесі мен әкімшілік басқару қызметкерлерге, тәрбиешілерге, техқызметкерлерге арнап лауазымдық нұсқаулықтар жасалған.

2019-2022 оқу жылдарына арналған «№13 «Тұлпар» балабақшасының Даму бағдарламасы.

Балабақшада Даму бағдарламасы басшы мен педагогика ұжымы іс-әрекетінің стратегиялық негізі болып табылады. Мектепке дейінгі мекеменің даму тәртібінде перспективалық жоспар, жұмыс кезеңдері ретінде көрінеді. Даму бағдарламасы педагогикалық ұжымға нақты жағдайлар мен талаптарды есепке алатын, белгілі әлеуметтік тапсырыстарды орындайтын, нақты нәтижелікті қамтамасыз ететін өздерінің даму ерекше үлгісін жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Білім беру мекемесінің Даму бағдарламасы 2019-2022 жылдарға арналып, әзірленген. Бағдарлама балабақша қызметінің мақсаттарын айқындау және ағымдағы оқу жылына есептелген ұзақ мерзімді де, қысқа мерзімді де мектепке дейінгі ұйымның жұмысын іске асыру процесіндегі мүмкін болатын тәуекелділікті есепке ала отырып жобаланды.

Балалардың жеке дамуының негізгі бағыттары: танымдық, физикалық, әлеуметтік. Балабақшаның даму бағдарламасының мақсат, міндеттері сараптама жасалынғаннан кейін анықталды.

SWOT-ТАЛДАУ

Мықтылығы:

1. Педагогтардың сапалық құрамының деңгейінің жоғарылығы - 40 %
2. Балабақша түлектері, қаланың үздік білім беру ұйымдарының оқушылары
3. Педагогтардың өз бағыттары бойынша авторлық бағдарламаларды әзірлеп, қолданысқа енгізуі.

Мүмкіндіктері:

1. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.
2. Педагог кадрларының кәсіби біліктіліктерін көтеру.
3. Өлкетану қызметі бойынша, республикалық деңгейде тәжірибе алмасу.
4. Ата-аналардың ұсынысы бойынша қосымша қызмет түрлерін ашу.

Әлсіздігі:

1. Балабақшадағы кейбір бөлмелердің жетіспеушілігі.
2. Балабақшадағы екі топта, жатын бөлмесінің жоқтығы.
3. Топтардағы бала санының қалыпты жағдайдан асып кетуі.
4. Қаржыландырудың қажеттілігі

Қауіптілігі:

1. Педагогтардың 30 % зейнеткерлік жаста
2. Уақыттың тапшылығына байланысты, ата-аналардың балабақшадағы оқу-тәрбие процессіне белсенділіктері төмен.
2. Жас мамандардың тұрақсыздығы

Жан-жақты дамыған, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, өз Отанының патриотын тәрбиелеу және әлемдік стандарттарға сай заманауи балабақша қатарына кіру.

Мектепке дейінгі ұйымның қарқынды дамуын қамтамасыз ету, балабақшаның материалды-техникалық базасын нығайту.

МИССИЯ

МАҚСАТЫ

МІНДЕТТЕРІ

Баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін, ата-аналармен нәтижелі қарым-қатынаста болу

Баланы инновациялық технологиялар шарттарына байланысты тәрбиелеу және оқыту.

Педагог қызметкерлерден жоғары кәсіби, креативті команда құру.

Өлкетану және туризм бойынша экспериментальды алаң құру.

Материалды-техникалық базаны жетілдіру.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ

МАҚСАТЫ

Педагогтардың кәсіби-құзіреттілігін арттыру, зерттеу жұмыстары арқылы өлкетану – туристік қызмет бойынша балалардың білімдерін кеңейту және жалпылау

МАҚСАТЫ

**Өлкетану-туристік қызмет бойынша, педагогтардың біліктіліктерін арттыру;
*Балалардың бойындағы туған өлкеге деген сүйіспеншілігін дамытуға жағдай жасау;
Қызметті енгізу барысында балалардың бойында өз бетінше және ұжымда жұмыс жасау, таңдау жасау, өзіндік көзқарасын қорғау қабілеттерін дамыту

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ

- Өлкетану-туристік қызметі бойынша педагогтарды оқыту*
- Отбасымен және қоғаммен өзара әрекеттесу*
- Өлкетану-туристік қызметінің орындалуын бақылау*

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

- Өлкетану-туристік қызметі меңгеру барысында педагогтардың кәсіби құзіреттілігінің тиісті деңгейі*
- Әр баланың жеке даралығын көрсету үшін, балаларды өзіндік және ұжымдық іс-әрекет үдерісіне тарту үшін жағдайлардың жасалуы*
- Отбасы-педагог-балабақша-бала арасында бірауыздылықтың, қызығушылықтың пайда болуы*

«№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК тәрбие-білім беру процесін басқару құрылымы келесідегідей: «№13 «Тұлпар» балабақшасы» меңгерушісі - Керимбекова Гульзина Батырхановна, әдіскер – Каюмова Клара Рамизовна, есепші – Есентаева Ғалия Болатовна, медбике – Жолжаксинова Лейла Касеновна, шаруашылық меңгерушісі – Булатова Айгуль Казезовна.

Мекеменің ағымдық қызметін тікелей басқаруды, жұмыс пен нормативтік-құқықтық құжаттарды орындауға бақылауды меңгерушісі – Керимбекова Гульзина Батырхановна «№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК жарғысы негізінде, «Білім туралы» Заңды, мектепке дейінгі мекемелер туралы Типтік ережелерді мемлекеттік билік пен органдарда балабақшаның мүддесін қорғайтын жергілікті және нормативтік актілерді басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Әдіскер Каюмова Клара Рамизовна лауазымдық нұсқаулықтарға сай білім, тәрбие, әдістемелік қызметтерді жүзеге асырады, педагогикалық ұжым жұмысын бақылайды, балалармен жұмыс жасауда қолдануға арналған бағдарламалардың іске асуын, жылдық жоспардың негізгі бағыттарының орындалуын қадағалайды.

Есепші Есентаева Ғалия Болтаовна лауазымдық нұсқаулыққа сай кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізіп, материалдық және қаржылық қордың тиімді пайдаланылуын, заңды, нормативтік және құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, есеп саясатын жүзеге асырады.

Медбике Жолжаксинова Лейла Касеновна мектепке дейінгі ұйым балаларды үнемі медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді, лауазымдық нұсқаулыққа сай емдік-профилактикалық шараларды ұйымдастырады, нормативтік құжаттармен медициналық қызмет көрсету бойынша әдістемелік материалдарды басшылыққа ала отырып, балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы мен орындалуын қадағалайды.

Тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тағам өнімдерін тұтыну нормасын есепке ала отырып теңестірілген тамақтанумен қамтамасыз етілген.

Шаруашылық меңгерушісі Булатова Айгуль Казезовна лауазымдық нұсқаулыққа сай қызмет ету персоналының жұмысын ұйымдастырып, бақылайды, ғимарат, жайлардың, мектепке дейінгі мекеме айналасының жай-күйін қарайды, қажетті құралдармен, жуу, дезинфекция құралдармен жабдықтайды, мектепке дейінгі мекемедегі өртке қарсы, терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

2. Оқытушылық және оқыту

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК-ң оқу-әдістемелік құжаттарын Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2018 жыл 31 қазан №604 өзгеріс енгізілгені 05.05.2020 № 182 бұйрығымен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу бағдарламалары 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы өзгеріс енгізілгені 24.09.2020 № 412 бұйрығы,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары өзгеріс енгізілгені 12.05.2020 № 195 бұйрығы және "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығының негізінде жүзеге асады.

Осы стандарт мектепке дейінгі білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуді көздейді, мектепке дейінгі сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Стандарт педагогикалық процестің инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, жас топтарының пәндік-дамытушылық ортасының мазмұнын анықтайды, балалардың физикалық, психикалық денсаулығының мәселелерін шешеді, мотор және гигиеналық мәдениетті қалыптастырады, танымдық, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, сөйлеудің дамуын ынталандырады, есте сақтау қиялын дамыту процестері, эмоционалды жауаптылық, эмпатия қабілеті, толеранттылықты көрсетуге дайын болу, коммуникативті қатынастар.

Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты балабақшадағы білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құжат болып табылады. Үлгілік оқу жоспары – жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған оқу қызметінің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат;

Оқу жасының жүктемесі санитарлық-гигиеналық нормалар мен құқықтарға сәйкес келеді.

Оқу жоспарының мақсаты - 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалары бар топтарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемін бөлу және реттеу.

Оқу жоспарының негізгі міндеті - мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық процесті нақты ұйымдастыру, балалар мен педагогтерге нормативтік жүктемені ұтымды бөлу болып табылады.

Оқу жоспарының мазмұны МЖМБС 2018 жыл 31 қазан №604 бұйрығына сәйкес көрсетілген мектеп жасына дейінгі баланың базалық құзыреттіліктерін қалыптастыруды толық көлемде қамтамасыз еткен.

Оқу жұмыс жоспары негізінде: жас бойынша перспективалық жоспарлар, балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру циклограммалары әзірленді.

МКҚК №13 «Тұлпар» балабақшасында тәрбие-білім процесі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы және «Өлкетану және туризм» бағытында жұмыс жасайды.

«Өлкетану және туризм» бағыты бойынша жұмыста келесідей бағдарламалар қолданылады:

-«Азбука безопасности» бағдарламасы, №58 «Алтын бесік» б/б;

-«Үздіксіз өлкетану және туризм білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі тәрбие» әдістемелік құралы, Шаяхметова Г.М. Астана, 2008 жыл;
 -«Балабақшадағы өлкетану және туристік іс-шаралар қызметі» №13 «Тұлпар» балабақшасының педагогтары: Кашина Т.В. Недюжина Г.И. (зейнеткер), Колесниченко М.В., Каюмова К.Р.- 2013 ж;
 -«Отанды қалай атаймыз!» бағдарламасы. №13 «Тұлпар» балабақшасының педагогтары: Кашина Т.В., Колесниченко М.В., Каюмова К.Р.2018 ж. Жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізіліп, жылдық міндеттерді шешуге бағытталды.

Даму бағдарламасы мақсаты - балабақшада тәрбиеленушілердің тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңғыртуда коммуникативтік - тілдік белсенділіктерін дамыту, рухани патриоттық адамгершілік құндылықтарын дарыту, толыққанды жеке дамуы үшін оңтайлы жағдай жасау, ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту және инновациялық технологияларды қолдану.

***Тәрбиеленушілермен жұмыста қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту нысандарының болуы;**

***Олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке алу;**

***Тәрбиеленушілердің білім беру іс-әрекетінің уәждемесін арттыру тәсілдері мен әдістері;**

***Болжанатын педагогикалық нәтиже**

Оқу жоспарын іске асыру оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады: топпен, кіші топтармен, жеке-жеке, жұппен жұмыс, балалардың жеке жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ бағдарламалық материалдың күрделілігіне байланысты қолданылады.

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесі бір аптаға балалардың өмірін ұйымдастырудың перспективалық-күнтізбелік жоспарына және циклограммаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу қызметін ұйымдастыру тәрбиеші деңгейінде және бала деңгейінде оқу қызметін басқару іс-әрекеттерінің кешенін қамтитын конспектілерде көрсетілген. Балалармен жұмыс істейтін барлық педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ересектермен және құрдастарымен достық негізінде қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық ұжым педагогикалық процесте әртүрлі технологияларды қолданады.

№	Педагогикалық технологияның атауы	технологияны өз тәжірибесінде қолданатын педагогтар саны
1	Денсаулық сақтау технологиялары	Педагогикалық ұжым
2	Жобалық технологиясы	3

3	Дамыта оқыту технологиялары Дьенеш,	5
4	Дамыта оқыту технологиялары, Воскобовичтің ойындары	педагогикалық ұжым
5	Квест-ойындары, технологиясы	2
6	Дәстүрден тыс технология	педагогикалық ұжым
7	Лего технологиясы	педагогикалық ұжым
8	4 к моделі	3

Денсаулық технологиясын барлық топтардың тәрбиешілері Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, К.Р.Каюмова, З.О.Достанова, С.В.Турчук, А.И.Балтабаевалар қолданады.

Жобалық технологиясын Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, А.А.Русакова қолданады.

Дамыта оқыту Дьенеш технологиясын барлық топтардың тәрбиешілері Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, К.Р.Каюмова, З.О.Достанова, С.В.Турчук, А.И.Балтабаевалар қолданады.

Дамыта оқыту технологиялары, Воскобовичтің ойындарын педагогикалық ұжым толық қолданады.

Квест-ойындары, технологиясын Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко қолданады.

Дәстүрден тыс технологиясын Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, К.Р.Каюмова, З.О.Достанова, С.В.Турчук, А.И.Балтабаевалар қолданады.

Лего технологиясын Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, К.Р.Каюмова, З.О.Достанова, С.В.Турчук, А.И.Балтабаевалар қолданады.

4К моделін Т.В.Кашина, М.В.Колесниченко, А.А.Русакова қолданады.

Жылдық жоспарды жасау принципі

«№13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК-дағы жылдық жоспар мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жедел басқару құралы ретінде қаралады. Жылдық жоспар - бұл Даму бағдарламасы мен білім беру бағдарламасында белгіленген міндеттер мен іс-шараларды нақтылау. 2017-2021 жылдарға арналған жылдық жоспарларда:

- білім беру процесіндегі проблемаларды шешу жөніндегі нақты іс-шаралар;
- тәрбиешілердің кәсіби өсуіне әдістемелік қолдау көрсету жүйесі;
- педагогтардың жұмыс тәжірибесін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында инновацияларды енгізу.

Педагогтар жылдық жоспарды оқу жылының белгілі бір негізгі міндеттерін қарастырады.

Жоспарлаудың негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, дамыту және эмоционалдық саулығы мәселелері бойынша Мемлекеттік органдардың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуде;
- педагогикалық ұжым қызметіндегі басты, түйінді мәселелерді бөлуде;
- нақты іс-шараларды, олардың орындалу мерзімдерін және жауапты орындаушыларды анықтауда;
- ұжым мүшелерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін қадағалуда.

Жылдық жоспарларды әзірлеу және жасау кезінде формализм алынып тасталады, жоспардың іс-шаралармен толып кетуіне және құрылымның бұлыңғырлығына жол берілмейді. Оптимизм қажеттілік пен жеткіліктіліктің шарты ретінде тиімді жоспарлаудың маңызды қағидасы болып табылады.

Жылдық жоспарларда балалар контингенті, түзету жұмысы; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы; барлық бағыттар бойынша МЖМБС орындау нәтижелері; мектепте оқытуға дайындық деңгейі; педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау нәтижелері; ата-аналармен жұмыс жүйесі; Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары сияқты параметрлер көрініс табатын өткен оқу жылындағы жұмыстың талдауы қамтылады.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесі бойынша педагогикалық ұжым әр оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер анықталып қойылады. Жылдық жоспар мектепке дейінгі ұйымның педагогтарына жалпы білім беру жұмысының тиімді жоспарлауының қаншалықты ойластырылғаны, сауатты жүзеге асырылуына байланысты. Сондықтан олар оқу жылына арналған перспективалық жоспарды, күн тәртібінде балалардың өмірін ұйымдастырудың циклограммаларын жасауға толық жауапкершілікпен қарайды. Мектепке дейінгі ұйымдағы барлық ұйымдастырылған оқу қызметі Балабақшаларға арналған СанЕмН 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, МЖМБС 2018 жыл 31 қазан №604 (өзгеріс енгізілді 05.05.2020 № 182 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (өзгеріс енгізілді 24.09.2020 № 412), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (өзгеріс енгізілді 12.05.2020 № 195 бұйрығы) сәйкес әзірленіп, оқу жұмыс жоспары құрылған. Бес білім беру саласы (Денсаулық, Қатынас, Шығармашылық, Таным, Әлеумет) бойынша баланың құзыреттілік дамуын іске асыруды көздейді.

Кіші топ (2 жастан бастап) – 9 ұйымдасқан оқу қызметі,

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) – 11 ұйымдасқан оқу қызметі + 1 вариативті компонент,

Ересек топ (4 жастан) – 12 ұйымдасқан оқу қызметі + 2 вариативті компонент,

Мектепалды даярлық топ (5 жастан) – 17 ұйымдасқан оқу қызметі + 3 вариативті компонент,

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы нормадан аспайды:

2 жастан бастап - 10-15 минут,

3 жастан бастап – 15-20 минут,

4 жастан бастап – 20-25 минут,

5 жастан бастап – 25-30 минут

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында сергіту сәттері, саусақ гимнастикасы, көзге арналған гимнастика, релаксация жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметі арасындағы үзілістер-кемінде 5-10 минут. Вариативті компонент күндізгі ұйқыдан кейін түстен кейін жүзеге асырылады.

Жазғы кезеңде оқу қызметі жүргізілмейді. Бірақ, мектепке дейінгі кезеңнің балалары үшін жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру салалары бойынша жүргізілетін жұмыстың бағыттары жүзеге асырылады. Жазғы кезең балалардың қимыл-қозғалысын арттырып, тілдік қарым-қатынасын қалыптастырып, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік ойын әрекетін дамыту болып табылады.

Ұлттық ойындар және спорттық ойын-сауықтар, экскурсиялар және т.б. ұйымдастырылады, сонымен қатар серуендеу ұзақтығы артады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен барлық ұйымдасқан оқу қызметі ойын түрінде, дамыту технологияларын қолдана отырып өткізіледі, бұл балалардың жүктемесін азайтуға және олардың шамадан тыс жүктелуінің алдын алуға көмектеседі.

Күн тәртібі әр түрлі жас топтарындағы балалардың ұйқысының ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормаларына сәйкес келеді, таза ауада жеткілікті болуды; сауықтыру және алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруды; сипаты бойынша әр түрлі қызмет түрлерінің, ақыл-ой және дене жүктемелерінің ұтымды үйлесімін қамтитын ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттер өткізуді көздейді.

Мектепке дейінгі мекеме жұмысының сәттілігі көбінесе жылдық жоспарларда белгіленген әдістемелік жұмыстың сапасына байланысты.

Әдістемелік қызмет жұмысының негізгі бағыттары.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық:

- педагогикалық кеңес
- семинар
- әдістемелік кеңес
- жас педагог мектебі
- тәрбиешілер ӘБ

Педагогикалық ұжымның қызметін жүйелі талдау және проблемалық мәселелерді талқылау педагогикалық кеңестерде жүзеге асырылады.

2017-2018 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер төмендегідей тақырыпта ұйымдастырылып, өткізілді:

№1 Пед.кеңес тақырыбы: Жаңа оқу жылы құтты болсын!

№2 Пед.кеңес тақырыбы: Оқу үрдісі барысында балаладың дыбыстап сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

№3 Пед.кеңес тақырыбы: МДҰ-ң І-жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

№4 Пед. кеңес тақырыбы: «Таным» білім беру саласының мазмұны аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық-зерттеушілік қызметін дамыту.

№5 Пед.кеңес тақырыбы: Қорытынды.

2018-2019 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер төмендегідей тақырыпта ұйымдастырылып, өткізілді:

№1 Пед.кеңес тақырыбы: Жаңа оқу жылы.

№2 Пед.кеңес тақырыбы: Зерттеу қызметі МДТБМС сәтті іске асыруға көмектесетін қызмет түрі ретінде.

№3 Пед. кеңес тақырыбы: МДҰ-ң І-жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

№4 Пед. кеңес тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балада жүйелі сөз дағдыларын қалыптастыру жолдары.

№5 Пед.кеңес тақырыбы: Қорытынды.

2019-2020 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер төмендегідей тақырыпта ұйымдастырылып, өткізілді:

№1 Пед.кеңес тақырыбы: Жаңа оқу жылы.

№2 Пед.кеңес тақырыбы: Балалардың білім беру және денсаулығын қорғау мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық күзіреттілігін жобалар арқылы арттыру.

№3 Пед. кеңес тақырыбы: МДҰ-ң І-жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

№4 Пед. кеңес тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі баланың тілін ойын технологиялары арқылы жетілдіру.

№5 Пед.кеңес тақырыбы: Қорытынды.

2020-2021 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер төмендегідей тақырыпта ұйымдастырылып, өткізілді:

№1 Пед.кеңес тақырыбы: Жаңа оқу жылы.

№2 Пед.кеңес тақырыбы: Мектепке дейінгі жастағы балаларға тірі және өлі табиғат құралдары арқылы экологиялық тәрбие беру.

№3 Пед. кеңес тақырыбы: МДҰ-ң І-жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

№4 Пед. кеңес тақырыбы: Балабақшадағы мектепке дейінгі жастағы баланың логикалық-математикалық дамуы.

№5 Пед.кеңес тақырыбы: Қорытынды.

2021-2022 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер төмендегідей тақырыпта ұйымдастырылып, өткізілді:

№1 Пед.кеңес тақырыбы: Жаңа оқу жылы.

№2 Пед.кеңес тақырыбы: Балабақшадағы бейнелеу қызметі.

№3 Пед. кеңес тақырыбы: МДҰ-ң І-жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

№4 Пед. кеңес тақырыбы: МДҰ Денсаулық сақтау технологиялары.

№5 Пед.кеңес тақырыбы: Қорытынды.

Әдістемелік кеңес

2017-2018 оқу жылы мақсаты:

Мектепке дейінгі мекеменің әрбір нақты педагогының дербес-қайталанбас және тиімді педагогикалық қызмет жүйесін қалыптастыру және дамыту бойынша, мақсаттары мен жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау.

- педагогтардың әдістемелік жұмысын дамытудың басым бағыттарын анықтау барысында әдістемелік өнімдерді сараптау, жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар дайындау, педагогикалық кеңестерді, семинарларды, конкурстарды дайындауға және өткізуге басшылық етілді.

2018-2019 оқу жылының мақсаты:

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық қызмет жүйесін қалыптастыру бойынша мақсаттары мен жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау.

- мекеменің қызметін әдістемелік қамтамасыз ету арқылы білім беру процесін, бағдарламаларды, бірлестіктер қызметінің нысандары мен әдістерін, педагог қызметкерлердің шеберлігін жетілдіру.

2019-2020 оқу жылының мақсаты:

Педагогтардың шығармашылық қабілеттерін өзін-өзі жетілдіру бойынша әдістемелік тақырыптарды талқылау, зерделеу.

- мектепке дейінгі мекеменің қызметін әдістемелік қамтамасыз ету барысында әдістемелік өнімдерді сараптау, жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындап, педагог қызметкерлердің шеберлігін жетілдіру.

2020-2021 оқу жылының мақсаты:

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық қызмет жүйесін қалыптастыру барысында педагогтармен «Рухани жаңғыру» аясында авторлық жұмыстар, әдістемелік құралдар әзірлеу.

- мекеменің қызметін әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету арқылы педагог қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру;

- педагогтарды іс-шаралар мен басқа да байқауларға қатысуға нұсқау беру.

2021-2022 оқу жылының мақсаты:

Педагогтардың және балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру барысында әдістемелік тақырыптарды талқылау, зерделеу.

- мектепке дейінгі балалардың шығармашылық білім беру саласы бойынша бейнелеу өнеріне, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;

- педагогтардың шығармашылық ізденістерін арттырып, кәсіби шеберліктерін жетілдіру.

Семинарлар.

2017-2018 оқу жылы.

№1 Семинар тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық зерттеушілік қызметін дамыту».

№2 Семинар тақырыбы: «Саусақ ойындары мен жаттығулары арқылы мектепке дейінгі жастағы балалар сөйлеуінің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу».

№3 Семинар тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балаларды кіші Отан туралы түсінік қалыптастыру».

Қысқа мерзімді семинар: «Дьенештің логикалық блоктары».

2018-2019 оқу жылы.

№1 Семинар тақырыбы: «Білім беру салалары арқылы мектеп жасына дейінгі дамудың жан-жақты деңгейлерінің негіздері».

№2 Семинар тақырыбы: «Экологиялық өлкетану жұмысы және оның мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі үшін маңызы».

№3 Семинар тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларда денсаулық мәдениетін қалыптастыру, денсаулық сақтаушы технологияларды қолдану арқылы оны сақтауға деген ынтасын арттыру».

Қысқа мерзімді семинар: «Мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстан халықтарының салттары мен дәстүрлеріне қалай тартуға болады».

2019-2020 оқу жылы.

№1 Семинар тақырыбы: «Сюжеттік-рөлдік ойын».

№2 Семинар тақырыбы: «МДҰ-дағы білім беруші инновациялық технологиялар».

№3 Семинар тақырыбы: «Музыка арқылы тәрбиеленушілерге экологиялық білім беру жұмысын ұйымдастыру».

Қысқа мерзімді семинар: «Педагог пен ата-ананың МДҰ-дағы қарым-қатынасы».

2020-2021 оқу жылы.

№1 Семинар тақырыбы: «Ойын іс-әрекеті арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру».

№2 Семинар тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім берудегі методикалық жұмыстар».

№3 Семинар тақырыбы: «Музыка арқылы тәрбиеленушілерге экологиялық білім беру жұмысын ұйымдастыру».

Қысқа мерзімді семинар: «Экологиялық квест».

2021-2022 оқу жылы.

№1 Семинар тақырыбы: «Қозғалыс-балалар денсаулығының негізі».

№2 Семинар тақырыбы: «Сурет салудың дәстүрлі емес әдістері».

№3 Семинар тақырыбы: «Балаларды жол қозғалысы ережелеріне оқыту бойынша МДҰ-дағы жұмысты ұйымдастыру.».

Қысқа мерзімді семинар: «МДҰ-дағы еңбек тәрбиесі».

Жас мамандар мектебі

Жас мамандармен жұмыс – күрделі әрі жауапты міндеттердің бірі. Біздің басты мақсатымыз – жас педагогтардың кәсіби шеберлігін жоғарлату, шығармашылық мүмкіндіктерін толығырақ аша түсу және олардың еңбек ұжымындағы рөлін арттыру. Біз жас мамандармен жұмыс ұйымдастыруда, теорияны оқып үйренудің практикалық міндеттерді шешу ісімен байланысты

болуына, ал меңгерілген білімнің идеялық сенімнің және өмірлік іс - әрекеттің платформасына айналуына ұмтыламыз.

2018-2019 оқу жылында жас маман Достанова Зиаш Оразбековна ағылшын тілі мұғалімі мамандығынан, тәрбиешілік мамандыққа ауыстырылды. Достанова Зиаш Оразбековнаға тәлімгерлікке біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты тәрбиеші Колесниченко Миля Владимировна тағайындалды.

Тәлімгерлер әр жыл сайын жас мамандарды мектепке дейінгі нормативтік құжаттармен таныстырып, Перспективтік жоспар мен циклограмма, және құжаттардың дұрыс деңгейде толтырылуын жазылуын көрсетеді. Сондай-ақ, күн тәртібі айтылып, балабақша ішілік іс-шараларға ат салысып қатысатынын ескертті.

Өз білімін жетілдіру

Өзіндік білім көтеру- мұғалімінің және педагогикалық ұжымның кәсіби дамуының негізгі құралы.

Педагогтың кәсіби шеберлігін дамыту,біліктілігін арттыру арқылы дамып отырады. Осыған орай арнайы жоспар құрылып сол жоспар жүзеге асырылады. Жоспарда жүйелі өтетін ашық ұйымдасқан оқу қызметтері,түрлі сайыстар, байқаулар, іс тәжірибелер және олимпиадаға қатысу кіреді.Сонымен бірге әр түрлі деңгейдегі курстар мен семинарларға қатысу да педагогтың білімін көтерудің жолдары болмақ.Психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтармен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып, Әр педагог ешкімге тәуелсіз кәсіби бағыты болады. Педагог шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ғылыми жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру болса, демек сапалы, тиімді, нәтижелі ізденіс ұстаздың тынымсыз еңбегін көрсетеді.

Аттестаттау

Аттестациялаудың мақсаты - аттестацияланатын ұстаздардың кәсіби деңгей сапасының жоғарлатуы.

Балабақшада 2022 оқу жылына дейін педагог кадрларды аттестаттаудың перспективалық жоспары бекітілген.

Аттестаттау іс-шараларын жоспарлау үшін аттестатталатын педагогтер аттестаттау кезеңіне жоспарлар ұсынылып, балабақшаның әдістемелік жұмысына, семинарларға қатысу, жоспарланған ашық ұйымдасқан оқу қызметтеріне және педагог жұмысының шығармашылық есебі сияқты қызмет бағыттары көрсетіледі. Педагогтың әдістемелік тақырыптағы жұмысының сапасы сертификаттау кезеңіндегі оның кәсібилігін бағалаудың негізгі компоненттерінің біріне айналады.

Балабақшаның аттестаттау комиссиясы барлық аттестатталушы педагогтармен жүйелі консультациялық-оқыту жұмысын жүзеге асырады және басқарушылық әрекеттерге бастамашылық етеді:

- есеп түрінде әдістемелік тақырып бойынша жұмыс нәтижелерін ұсыну және т. б.;

- аттестатталушының портфолиосын құру.

Мемлекеттік қызмет көрсету Халыққа қызмет көрсету орталығынан өтіп, педагогтардың "портфолиосына" бағалау сараптамасы және сараптамалық кеңестің ұсынысы мен аттестаттау комиссиясының шешімімен жасалады.

№	Оқу жылы	Педагогтің аты-жөні	Санаттары	Берілген санаттары
1	2017-2018г	Кашина Татьяна Владимировна тәрбиеші	Жоғары	Жоғары санатты дәлелдеді.
2	2017-2018г	Колесниченко Миля Владимировна тәрбиеші	бірінші	Жоғары
3	2017-2018г	Боранбай Мөлдір Досжанқызы қазақ тілі мұғалімі	санатсыз	екінші
4	2017-2018г	Каюмова Клара Рамизовна әдіскер	санатсыз	екінші
5	2018-2019	Русакова Алена Алексеевна музыка жетешісі	жоғары	Жоғары санатты дәлелдеді
6	2018-2019	Каюмова Клара Рамизовна дене шынықтыру нұсқаушысы	бірінші	жоғары
7	2018-2019	Рахметова Гюльзана Тулекбергеновна тәрбиеші	екінші	бірінші
8	2019-2020	Турчук Светлана Васильевна тәрбиеші	санатсыз	екінші
9	2020-2021	Жагапарова Жанар Шокановна педагог-психолог	екінші	Педагог-эксперт
10	2021-2022	Достанова Зиаш Оразбековна тәрбиеші	санатсыз	Модератор
11	2021-2022	Балтабаева Алия Исингельдыновна тәрбиеші	санатсыз	Модератор

Балабақшадағы аттестаттаудың негізгі қағидасы-ашықтық, алқалылық, даралау, саралау. Сертификаттау кезеңінде педагогтың жұмысы барлығына ашық болады. Педагогтың практикалық қызметін зерттеу ұйымдасқан оқу қызметтеріне бару, кеңес беру, бақылау бөлімдері, құжаттаманы зерттеу, педагогтың іс-әрекетінің стилі және оның жеке қасиеттері процесінде жүреді.

Авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар, жинақтар.

Бағдарламалардың мазмұны мектепке дейінгі жастағы балаларға олардың қызметінің барлық түрлеріне жеке бағытталған тәсілдемелері ескерілді.

Біздің балабақша 2006 жылдан бастап балалар туризмімен айналысады. Мектеп жасына дейінгі үлкен жастағы балалармен аптасына 2 рет «Жас турист» үйірмесі, «Шағын туризм» бағдарламасы бойынша ұйымдасқан оқу қызметтері өткізіледі – авторы және жетекшісі Шаяхметова Г.М. Туризм элементтері, жүргізетін спорттық-туристік іс-шараларда, бос уақытты өткізуде, ойын-сауықта үнемі көрініс тауып отырады. Тәрбиешілер өлкетану және туризм бойынша ұйымдасқан оқу қызметтерін өткізеді. (вариативтік компонент).

Балабақша тәрбиешілеріне арналған, педагогтерінің әзірлеген әдістемелік құралдар мен бағдарламалар шығарылды:

1.Әдістемелік құрал, «Родной свой край, люби и знай», авторлары Недюжина Г.И. (әдіскер, зейнеткер), Кашина Т.В.(тәрбиеші), Колесниченко М.В. (тәрбиеші), Русакова А.А. (музыка жетекшісі).

2.Бағдарлама, «Краеведо-туристическая деятельность в детском саду», авторлары Недюжина Г.И. (әдіскер, зейнеткер), Кашина Т.В.(тәрбиеші), Колесниченко М.В. (тәрбиеші), Каюмова К.Р. (дене шынықтыру нұсқаушысы).

3.Бағдарлама, Краеведения с элементами туризма в детском саду «Что мы Родиной зовем!», авторлары, Кашина Т.В.(тәрбиеші), Колесниченко М.В. (тәрбиеші), Каюмова К.Р. (дене шынықтыру нұсқаушысы).

4. Музыка жетекшілеріне арналған жинақ, «Мереке достарды жинайды», Русакова А.А. (музыка жетекшісі).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар

- «Рухани жаңғыру – патриоттық тәрбие бастауы» кластеріне жетекшілік жасап, бағдарлама аясында кластер бойынша жұмыс істейтін балабақшалардың іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырды.

-2020 жылы 30 қаңтарда, №58 «Өркен» балабақшасынады өткізілген «Даналық ойдан дән ізде» тақырыбындағы семинарда, №13 «Тұлпар» балабақшасының тәрбиешісі Г.Т.Рахметова «Өлкетану арқылы патриоттық сезімді тәрбиелеу» тақырыбында баяндама оқыды.

-2020 жылы 20 ақпанда, №13 «Тұлпар» балабақшасы, қалалық «Достық үйінде», «Рухани жаңғыру – патриоттық тәрбие бастауы» кластері аясында, «Мәдени мұрам - байлығым» тақырыбында қалалық семинар өткізді.

Семинарды өткізу мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік-патриоттық тәрбиесі мәселесіне қатысты педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Кластер бойынша серіктес балабақшалар: №6 «Көктем», №24 «Айналайын», №58 «Өркен», №71 «Мөлдір».

Семинарға қатысқан мекемелер және қызметкерлер: №13 «Тұлпар» балабақшасы және ұжым, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшысы, Білім жаңғырту орталығы, Білім жаңғырту орталығының білім беру мазмұны бөлімінің әдіскері, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы» МКҚК директорының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары.

-2020 жылы 7 ақпанда, №24 «Айналайын» балабақшасынады өткізілген «Баланың эмоционалды әлемі-адамгершілік тәрбиенің бастауы» тақырыбындағы семинарда, №13 «Тұлпар» балабақшасының әдіскері К.Р.Каюмова «Менің баламның әлемі» квест ойынын ұйымдастырып, өткізді.

- Балалармен жүргізілетін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына, балаалрды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу мақсатнда қазақ этнопедагогикасы материалдары (қазақ балалар фольклоры, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б.) ертеңгіліктерде, ойын-сауықтарда, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде кең түрде қолданылады.

- «Рухани жаңғыру» кластері арасында ұйымдастырған «Менің елім» атты патриоттық әндерден байқаудан тәрбиеленушісі 1-орын иеленді.

